

**«Сентрас Секьюритиз» АҚ сенімгерлік басқаруындағы
«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін
инвестициялық басқару бойынша ақпарат**

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша «Сентрас Секьюритиз» АҚ (бұдан әрі – Сентрас Секьюритиз) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЗА) 2 398,78 млн. теңгені құрап отыр.

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен құралған қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің құрылымы 1-кестеде берілді.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфельінің құрылымы

Атауы	01.01.2025 жылға ағымдағы құны	01.01.2025 жылға үлесі	01.06.2025 жылға ағымдағы құны	01.06.20254 жылға үлесі	Жыл басынан бергі өсу/төмендеу
ҚР ҚМ МБҚ	581,92	30,50%	490,12	20,43%	-15,78%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	199,43	10,45%	295,70	12,33%	48,27%
ҚР ЕДБ облигациялары	175,82	9,22%	340,50	14,19%	93,67%
ХҚҰ	220,26	11,54%	543,89	22,67%	146,93%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	-	-	4,40	0,18%	-
ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	165,39	8,67%	102,19	4,26%	-38,21%
Шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары)	10,76	0,56%	78,17	3,26%	626,22%
Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	108,57	5,69%	68,18	2,84%	-37,20%
АҚШ мемлекеттік облигациялары	101,78	5,33%	150,51	6,27%	47,88%
Репо	307,69	16,13%	60,02	2,50%	-80,49%
Басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен бере- шек, провизиялар)	2,37	0,12%	104,35	4,35%	4305,45%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	33,90	1,78%	160,72	6,70%	374,04%
ИПБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	1 907,89	100,00%	2 398,78	100,00%	25,73%
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	1 907,89	100,00%	2 398,78	100,00%	25,73%

01.06.2025 жылғы жағдай бойынша теңгемен номиналданған борыштық қаржы құралдарының орташа алынған кірістілігі – жылына 15,57%. АҚШ долларымен номиналданған қаржы құралдарының орташа алынған кірістілігі – жылына 6,02%. Жинап келгенде борыштық қаржы құралдарының жалпы орташа алынған кірістілігі – жылына 13,72%.

Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат және кері РЕПО операциялары

Есепті кезең соңындағы инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат қалдығы – 160,72 млн. теңге. Олардың портфельдегі үлесі – 6,70%. Есепті кезең соңындағы РЕПО операциялары бойынша ақшалай қаражат қалдығы – 60,02 млн. теңге. Олардың портфельдегі үлесі – 2,50%. Есепті кезеңдегі кері РЕПО операцияларының орташа өлшенген кірістілігі – жылына 16,00%.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

Портфельдің негізгі үлесін алып тұрған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны есепті ай соңында 490,12 млн. теңге болды. Олардың портфельдегі үлесі – 20,43%. Есепті күндегі теңгемен номиналданған ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік – жылына 15,09%.

Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары

Есепті күндегі ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтелуі тиіс орташа өлшенген кірістілік – АҚШ долларымен жылына 6,17% және теңгемен жылына 15,71%. ҚР квазимемлекеттік ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны есепті ай соңында 295,70 млн. теңге болып отыр. Олардың портфельдегі үлесі – 12,33%.

Есепті айда 20,00 млн.теңге сомасына «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ купондық облигациялары сатып алынды. Сонымен қатар есепті айда 149,60 млн. теңге сомасына «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» АҚ купондық облигациялары сатылды.

ҚР ЕДБ облигациялары

Есепті күндегі АҚШ долларымен номиналданған бағалы қағаздардың орташа алынған кірістілігі – жылына 8,21%, сондай-ақ теңгемен номиналданған бағалы қағаздардың кірістілігі – жылына 14,19%. Облигациялардың ағымдағы құны есепті айдың соңында 340,50 млн.теңге, ал портфельдегі үлесі 14,19% болды. Есепті ай ішінде 103,19 млн теңге сомасына ForteBank JSC облигациялары сатып алынды.

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

Есепті күндегі ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары бойынша өтелуі тиіс орташа алынған кірістілік – жылына 16,55%. Облигациялардың ағымдағы құны есепті ай соңында 543,89 млн. теңге болды. Олардың портфельдегі үлесі – 22,67%. Есепті айда 180,00 млн теңге сомасына «КМФ» (КМФ)» микроқаржы ұйымы» АҚ, 50,00 млн. теңге сомасына VI Development Ltd. купондық облигациялары сатып алынды.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны есепті айдың соңында 4,40 млн. теңге болды. Олардың портфельдегі үлесі – 0,18%. Есепті күндегі ХҚҰ облигацияларының өтелуі тиіс орташа алынған кірістілігі – жылына 5,45%.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны есепті ай соңында 102,19 млн. теңге болды. Олардың портфельдегі үлесі – 4,26%.

АҚШ мемлекеттік облигациялары

Есепті айдың соңындағы АҚШ мемлекеттік облигацияларының ағымдағы құны – 150,51 млн. теңге. Олардың портфельдегі үлесі – 6,27%. Есепті күндегі АҚШ мемлекеттік облигациялары бойынша өтелуі тиіс орташа өлшенген кірістілік – АҚШ долларымен жылына 4,46%.

Exchange Traded Funds пайлары (ETF)

Exchange Traded Funds пайларының (ETF) ағымдағы құны есепті ай соңында 78,17 млн. теңге болды. Есепті айда 33,21 млн.теңге сомасына SPDR PORTFOLIO S&P 500 ETF, сондай-ақ 34,89 млн. теңге сомасына ISHARES RUSSELL 2000 ETF сатылды. Портфельдегі ETF жиынтық үлесі – 3,26%.

Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары

Есепті айдың соңында шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 68,18 млн. теңге болды. Олардың портфельдегі үлесі – 2,84%. Есепті кезеңде портфель құрамынан 19,96 млн. теңге сомасына Amazon.com Inc және 13,63 млн. теңге сомасына DELL TECHNOLOGIES-C акциялары сатылды. Сондай-ақ, есепті айда 17,69 млн. теңге сомасына Alphabet Inc. акциялары сатып алынды.

Валюталық құрылым

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде берілді.

2-кесте. Валюталар бөлігінде Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

млн теңге

Валюта	01.01.2025 жылғы ағымдағы құны	01.01.2025 жылға үлесі	01.06.2025 жылға ағымдағы құны	01.06.2025 жылға үлесі	Жыл басынан бергі өсу/төмендеу
Ұлттық валюта	1 474,57	77,29%	1 622,88	67,65%	10,06%
АҚШ доллары	405,14	21,23%	775,90	32,35%	91,51%
Канада доллары	28,18	1,48%	-	-	-
Жиыны:	1 907,89	100%	2 398,78	100%	25,73%

Инвестициялық қызмет нәтижесі

Инвестициялық қызметтің және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде 2025 жыл басынан бері есептелген инвестициялық табыс мөлшері 94,05 млн. теңге болды. 2025 жыл басынан бергі зейнетақы активтерінің кірістілігі 4,10% болып отыр, 2024 жылғы маусымнан 2025 жылғы мамырға дейін соңғы 12 айда кірістілік 15,58% құрады.

Көрсетілген кезеңдегі есептелген инвестициялық табыс құрылымы 3-кестеде берілді.

3-кесте. Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алған инвестициялық табыс құрылымы

млн теңге

Атауы	2025 жылғы инвестициялық табыс
Бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыс	111,06
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен табыс (шығын)	-8,87
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан түскен табыс (шығын)	-3,94
Басқа активтерді қайта бағалаудан түскен табыс (шығын) (БҚК)	0,00
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыс (шығын)	0,00
Басқа табыс (шығын)	-4,20
Жиыны:	94,05

Шартты бірлік құны туралы ақпарат

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА шартты зейнетақы бірлігі құнының динамикасы 4-кестеде берілді.

4-кесте. Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы бір шартты бірлік құны

№	Күні	Шартты бірлік құны
1	01.05.2025	1 378,3262513
2	02.05.2025	1 378,3262513
3	03.05.2025	1 378,3262513
4	04.05.2025	1 378,3262513
5	05.05.2025	1 386,2760853
6	06.05.2025	1 386,2760853
7	07.05.2025	1 386,2760853
8	08.05.2025	1 386,2760853
9	09.05.2025	1 386,2760853
10	10.05.2025	1 386,2760853
11	11.05.2025	1 386,2760853
12	12.05.2025	1 385,0463663
13	13.05.2025	1 385,0463663
14	14.05.2025	1 385,0463663
15	15.05.2025	1 385,0463663
16	16.05.2025	1 385,0463663
17	17.05.2025	1 385,0463663
18	18.05.2025	1 385,0463663
19	19.05.2025	1 391,1144879
20	20.05.2025	1 391,1144879
21	21.05.2025	1 391,1144879
22	22.05.2025	1 391,1144879
23	23.05.2025	1 391,1144879
24	24.05.2025	1 391,1144879
25	25.05.2025	1 391,1144879
26	26.05.2025	1 400,0282532
27	27.05.2025	1 400,0282532
28	28.05.2025	1 400,0282532
29	29.05.2025	1 400,0282532
30	30.05.2025	1 400,0282532
31	31.05.2025	1 402,3808439

Инвестициялық декларация өлшемдерін сақтау туралы ақпарат

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық бөлу Инвестициялық декларация талаптарына сәйкес. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және Инвестициялық декларацияның талаптарын бұзбайды. 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау шектерін сақтау туралы мәлімет 5-кестеде берілді.

5-кесте. Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау шектері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Ұлттық валютадағы ақшалай қаражат – теңге (KZT)	0,42%	иә

2	Қаулыға сай басқа елдердің шетелдік валютасы	6,28%	иә
3	ҚР Қаржы министрлігі және ҚР Ұлттық Банкі шығарған ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шетелдік мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ ҚР Үкіметінің кепілімен және (немесе) кепілдігімен шығарылған БҚ	20,43%	иә
4	ҚР жергілікті атқару органдары шығарған борыштық БҚ	0,00%	иә
5	Акцияларының жүз пайызы ҚР Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық БҚ	0,00%	иә
6	ҚР және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес «Қазақстан Даму банкі», «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры», «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі», «Проблемалы кредиттер қоры» акционерлік қоғамдары шығарған борыштық БҚ	5,24%	иә
7	Қаулыға сай ҚР екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	0,00%	иә
8	Қаулыға сай бейрезидент банктердегі салымдар	0,00%	иә
9	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB+» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар төмендегі халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар: Азиялық даму банкі (the Asian Development Bank); Америкалық даму банкі (the Inter-American Development Bank); Африкалық даму банкі (the African Development Bank); Еуразиялық даму банкі (Eurasian Development Bank); Еуропалық қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development); Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank); Еуропалық Кеңестің Даму банкі (the Council of Europe Development Bank); Ислам жеке секторды дамыту корпорациясы (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector); Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank); Көпқырлы инвестициялар кепілі агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency); Скандинав инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank); Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund); Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association); Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы (the International Centre for Settlement of Investment Disputes); Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development); Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).	0,18%	иә
10	Қаулыға сай шетелдік мемлекеттердің үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар БҚ	6,27%	иә
11	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес БҚ: *Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары; *негізгі қор индекстері құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; * Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар борыштық БҚ	2,84%	иә
12	Қаулыға сай ҚР және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ҚР ұйымдары шығарған мемлекеттік емес БҚ	55,07%	иә

13	Қаулыға сай Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс), Exchange, Traded Commodities (Эксчейндж Трэйдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэйдэд Ноутс) пайлары	3,26%	иә
14	Қаулыға сай қор биржасының ресми тізіміне қосылған ҚР заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға басқарушы компаниясы болып табылатын интервал пайлық инвестициялық қорлардың пайлары	0,00%	иә
15	Қаулыға сай аффинирленген асыл металдар	0,00%	иә
16	Қаулыға сай хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары	0,00%	иә

«Сентрас Секьюритиз» сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарын сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

6-кесте. Есепті айдағы қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле құны
купондық облигациялар	USD	Fortebank JSC	103 193 831,56
купондық облигациялар	KZT	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	20 000 000,00
купондық облигациялар	KZT	«КМФ» (КМФ) микроқаржы ұйымы» АҚ	180 000 000,00
купондық облигациялар	KZT	BI Development Ltd.	50 000 000,00
акциялар	USD	Alphabet Inc.	17 686 397,82
Жиыны		-	370 880 229,38

7-кесте. Есепті айдағы қаржы құралдарын сату бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
ETF	USD	SPDR PORTFOLIO S&P 500 ETF	33 213 837,65
ETF	USD	ISHARES RUSSELL 2000 ETF	34 892 391,86
акциялар	USD	Amazon.com Inc	19 955 806,89
акциялар	USD	DELL TECHNOLOGIES -C	13 634 455,97
купондық облигациялар	USD	«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ	149 597 548,36
Жиыны		-	251 294 040,73

8-кесте. Есепті айдағы бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
купондық облигациялар	KZT	«КМФ» (КМФ) микроқаржы ұйымы» АҚ	140 895 000,00
Жиыны		-	140 895 000,00

9-кесте. Есепті айдағы шетелдік банктердегі салымдарға орналастыру бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Банк атауы	Теңгемен мәміле сомасы
Есепті айда шетелдік банктердегі салымдарға орналастыру болған жоқ			
Жиыны			-

10-кесте. Есепті айдағы салымдар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Банк атауы	Теңгемен мәміле сомасы
Есепті айда салымдар бойынша негізгі борышты өтеу болған жоқ			
Жиыны			-